

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Тарих, археология және этнология факультеті
Археология, этнология және музеология кафедрасы

БАКАЛАВРИАТТЫҢ БАРЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНА АРНАЛҒАН KV 1212 «ТАС ҒАСЫРЫ» ПӘНІ
БОЙЫНША
ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

АЛМАТЫ, 2020

Құрастырушы:

Бексеитов Ғ.Т т.ғ.к., Археология, этнология
және музеология кафедрасының аға
оқытушысы

(дайындалған - А.Ж.Т., лауазымы, дәрежесі
және атағы)

«ТАС ҒАСЫРЫ» пәні бойынша қорытынды емтихан жүргізу
бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары кафедра мәжілісінде қаралып,
ұсынылды «___» _____ 2020 ж., хаттама №_____

Кіріспе

Қорытынды емтихан 15 аптада алған білімнің нәтежиесі ретінде жазбаша түрде жүргізіледі.

Пәннің мақсаты: дүниежүзінде орналасқан тас ғасыры ескерткіштері мен мәдениеттерін зерттеу, тас ғасырындағы тас өңдеу техникаларының орын алуы, ежелгі адамдардың пайда болуы мен тас дәуірінің мерзімдері мен кезеңдеулері мәселелерін қарастыруға бейімдеу.

| | |
|----|---|
| 1 | Дәріс (теориялық): Пәннің мақсаты мен міндеттері |
| 2 | Дәріс (аналитикалық): Тас дәуірін зерттеумен айналысқан мектептер |
| 3 | Дәріс (аналитикалық): Тас дәуірінің табиғат жағдайы мен климаттық ерекшеліктері |
| 4 | Дәріс (аналитикалық): Палеолиттік кезең және мәдениеттер |
| 5 | Дәріс (теориялық): Мезолиттік кезең мен мәдениеттері |
| 6 | Дәріс (теориялық): Неолиттік мәдениеттер мен ескерткіштер |
| 7 | Дәріс (теориялық) Тас дәуіріндегі өнер |
| 8 | Дәріс (теориялық): Тас дәуіріндегі алғашқы діни наным сенімдер |
| 9 | Дәріс (аналитикалық) Алғашқы жерлеу түрлері |
| 10 | Дәріс (аналитикалық) Ежелгі адамдардың пайда болуы мен таралуы туралы тұжырымдар мен ой-пікірлер |
| 11 | Дәріс (проблемалық): Шетелдік Азияның тас дәуірі ескерткіштері мен мәдениеттері |
| 12 | Дәріс (проблемалық) Кавказ жерінің тас дәуірі ескерткіштері мен мәдениеттері |
| 13 | Дәріс (проблемалық): Ресей жеріндегі тас дәуірі ескерткіштері |
| 14 | Дәріс (проблемалық): Стратиграфия мен топырақтану |
| 15 | Дәріс (проблемалық): Тас дәуірінің тұрақтары мен ескерткіштерін қазу мен зерттеу әдістері |

«ТАС ҒАСЫРЫ» пәні бойынша емтиханға бакалавриаттың оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының талаптарына сай оқу үдерісін аяқтаған бакалаврлар жіберіледі.

Емтихан нәтижелері бойынша қанағаттандырылмаған баға алған бакалавр әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Академиялық саясатына сай бекітілген ережелердің негізінде емтиханды қайта (жазғы семестрды оқиды) тапсырады.

«Тас ғасыры» пәнінің мазмұнына арналған негізгі талаптар:

Көне, ортаңғы және жаңа тас дәуірлері туралы объективті мағлұмат беру. «Тас дәуірі» оқу курсы «Археология и этнология» мамандығының бакалавриат білім беру бағдарламасының базалық пәні болып табылады. Жалпы алғанда, аталмыш курста тас дәуірінің ескерткіштерінің бүкіл әлемдік

адамзат тарихы археологиясындағы алатын орны айқындап көрсетіледі. Тас дәуірінің даму эволюциясы, оның негізгі кезеңдері, басты-басты жаңалықтары, т.б. жөнінде айтылады. Курстың мақсаты: дүниежүзінде орналасқан тас ғасыры ескерткіштері мен мәдениеттерін зерттеу, тас ғасырындағы тас өңдеу техникаларының орын алуы, ежелгі адамдардың пайда болуы мен тас дәуірінің мерзімдері мен кезеңдеулері мәселелерін қарастыруға бейімдеу.

Оқу нәтижелері:

1. әлемдік тас ғасыры ескерткіштерін сыни талдау, ретроспективті, салыстырмалы-тарихи және де басқа да ғылыми зерттеу әдістерін қолдана отырып, күрделі мәселелерін қарастыру;
2. Қазақстан тас дәуірі негізінде тас ғасырын адамзаттың әлемдік-тарихи дамуымен байланыстыра көрсетуге дағдылану;
3. әлемдік археология тәжірибесін қолдана отырып Қазақстан тас ғасыры кезеңдері мен олардың тарихи негіздерін білу;
4. тас ғасыры артефактілерін зерттеу әдіснамасын меңгеру;
5. Күрделі тарихи үдерістерді, құбылыстарды және қазіргі әлемдік археологтар қызметін оқытуда аналитикалық және аксиологиялық талдаулар жасау дағдысын меңгеру;
6. Қазіргі кезеңдегі тас ғасыры дамуы мен рухани негіздерін айқындауға көмектеседі.

ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ

1. Тас дәуірін мерзімдеу мен кезеңдеуді сипаттаңыз
2. Тас дәуірін зерттеумен айналысқан кеңестік мектептерді атаңыз
3. Тас дәуірін зерттеумен айналысқан шетелдік мектептерді атаңыз
4. Ежелгі адамдардың пайда болуы туралы ой-пікірлерді жүйелеңіз
5. Ежелгі адамдардың пайда болуы жайлы концепцияларды бір ізге түсіріңіз
6. Тас дәуірінің табиғат жағдайы мен климаттық ерекшеліктерін суреттеңіз
7. Тас дәуірінің зерттеу методикаларына тоқталыңыз
8. Олдувай мен Ашель мәдениеттері мен ескерткіштеріне сипаттама беріңіз
9. Палеолиттік кезең және мәдениеттер туралы айтыңыз
10. Тас дәуірі ескерткіштерінің түрлері мен ерекшеліктерін атап кетіңіз
11. Мезолиттік кезең мен мәдениеттері туралы бірер ауыз сөз жазыңыз
12. Орталық Азия мезолиттік ескерткіштері мен мәдениеттеріне тоқталыңыз
13. Орталық Азия тас дәуірін зерттеуші ғалымдар туралы әңгімелеңіз
14. Неолиттік мәдениеттер мен ескерткіштер жайлы ой қозғаңыз
15. «Неолиттік төңкеріс» туралы Г.Чайльд ойын талдаңыз
16. «Неолиттік төңкеріс» туралы ғалымдардың тұжырымдарын жүйелеңіз
17. Плейстоцен мен голоцен дәуірлерінің сипаттамасын жасаңыз
18. Тас дәуіріндегі өнер жайлы ой қозғаңыз
19. Альтамира үңгірі туралы баяндап шығыңыз
20. Кап үңгіріндегі өнер туындыларын саралаңыз
21. Тас дәуірі адамдарының шаруашылығы мен тұрмыс-тіршілігі суреттеңіз
22. Тас дәуіріндегі алғашқы діни наным сенімдерді жүйелеңіз

23. Орталық Азия неолиттік мәдениеттері сипаттаңыз
24. Алғашқы жерлеу түрлерін сипаттап кетіңіз
25. Тас құралдары мен қаруларын өңдеу және қашау методикаларын суреттеңіз
26. Шетелдік Азияның тас дәуірі ескерткіштері мен мәдениеттерін талдаңыз
27. Моңғолия тас ғасырын талдаңыз
28. Кавказ жерінің тас дәуірі ескерткіштері мен мәдениеттерін суреттеңіз
29. Оңтүстік Шығыс Азия тас дәуірі ескерткіштері мен мәдениеттерін жазыңыз
30. Қазақстан жерінің тас дәуірін зерттеген шетелдік ғалымдар туралы не білесіз, соны жазып шығыңыз
31. Қытай жеріндегі тас ғасырын суреттеңіз
32. Үндістан жеріндегі тас ғасырын суреттеңіз
33. Ресей жеріндегі тас дәуірі ескерткіштерін сипаттаңыз
34. Микролиттік техникаға сипаттама беріңіз
35. Леваллуа техникасы төңірегіндегі тұжырымдарды жүйелеңіз
36. Пәкстан, Ауғанстан елдеріндегі тас ғасырын жазып шығыңыз
37. Батыс Еуропа елдеріндегі тас ғасырын бағамдаңыз
38. Шығыс Еуропа елдеріндегі тас ғасырын суреттеңіз
39. Африка жеріндегі тас ғасырын жазып шығыңыз
40. Тас дәуірінің тұрақтары мен ескерткіштерін қазу мен зерттеу әдістерін жазып кетіңіз
41. Төрттік кезең, геология мен геоморфология, т.б. жаратылыстану ғылымдарының тас ғасырын зерттеудегі рөлін бағамдаңыз
42. Орталық Азия аумағындағы неолит-энеолиттік жерлеу орындарын сипаттаңыз
43. Орталық Азияның тас дәуірі ескерткіштері мен мәдениеттерін зерттеген ғалымдар мен археологиялық экспедициялар жайлы ой толғаңыз
44. Жапония тас ғасырын талдаңыз
45. Орталық Еуропа тас ғасыры ескерткіштері мен мәдениеттерін суреттеңіз
46. Антропогенез жайлы ғылыми пікірлерді талдаңыз
47. Адамзаттың пайда болуы туралы концепцияларды жүйелеп шығыңыз
48. Ежелгі идеологиялық түсініктердің пайда болуы жайлы пікірлерді жүйелеңіз
49. Өнердің шығуына қатысты айтылған ғылыми концепцияларды саралаңыз
50. Африка жеріндегі мустье технологиялары жайлы әңгімелеңіз
51. Мустье дәуіріндегі археологиялық мәдениеттерді саралаңыз
52. Палеолиттік Костенки, Сенгирь ескерткіштері жайлы әңгімелеңіз
53. Мезолиттік тұрақтарға шолу жасаңыз
54. Адамдардың гоминидтер әлеміндегі тарихи-биологиялық орнын көрсетіңіз
55. Орталық Азиядағы тас дәуірінің үнгірлік ескерткіштерін (Тешік-Таш, т.б.) атаңыз және суреттеңіз
56. Келтеминар мәдениеті жайлы әңгіме қозғаңыз
57. Гиссар мәдениеті туралы әңгіме өрбітіңіз

58. Кейінгі (жоғарғы) палеолиттік мәдениеттерді атап, суреттеп кетіңіз
59. Тас дәуіріндегі терімшіліктің орнын сипаттаңыз
60. Тас дәуіріндегі аңшылық рөлін сипаттап шығыңыз